

HD камерасы

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Пайдаланбастан бұрын

- Осы нұсқаулықты және үйлесімді жабдық нұсқаулықтарын мұқият оқыңыз. Нұсқауларды алда пайдалану үшін сақтап қойыңыз.
- PlayStation®5 жүйесінің бағдарламалық жасақтамасын әрқашан ең соңғы нұсқасына жаңартып отырыңыз.

Сақтық шаралары

Қауіпсіздік

Кішкентай балалардың жарақаттары

Өнімді кішкентай балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Кішкентай балалар өнімнің бұзылуына әкеліп соғатындай зақымдауы, ұсақ бөлшектерді жұтып қоюы, кабельдерді өздеріне орауы немесе байқаусызда өздерін не басқаларды жарақаттауы мүмкін.

Пайдалану және ұстау

- Сұйықтықтың немесе кішкентай бөлшектердің өнімге кіруіне жол бермеңіз.
- Өнімді ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Найзағайлы дауыл кезінде өнімге тимеңіз.
- Өнімді лақтырмаңыз немесе тастамаңыз, не болмаса оған қатты соққы тигізбеңіз.
- Өнімде тұрмаңыз немесе үстіне заттар қоймаңыз.

- Қосқыштың ішіне тимеңіз немесе бөтен заттар салмаңыз.
- Қосқыштарға ешқандай басқа металл заттардың тиюіне жол бермеңіз.
- Коннекторларда шаң бөлшектері немесе бөгде заттар болса, жалғастыру алдында оларды құрғақ шүберекпен кетіріңіз.
- Өнімді ешқашан бөлшектемеңіз немесе өзгертпеңіз.
- Бұл өнімді ұзақ пайдаланбаңыз. Әрбір бір сағат ойын барысында 15 минут үзіліс жасаңыз.
- Тасымалдау өндірушінің түпнұсқалық қаптамасында орындалады.

Тазалау

Өнімнің сыртқы бетін зақымдалудан немесе түсін жоғалтудан сақтау үшін төменде көрсетілген нұсқаулықтарды орындаңыз.

- Жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Инсектицидтерді немесе басқа ұшпа заттарды қолданбаңыз.
- Өнімнің сыртқы бетіне ұзақ уақытқа резеңке немесе винилден жасалған материалдарды қоймаңыз.
- Ерітінділерді немесе басқа химиялық заттарды пайдаланбаңыз. Химиялық жолмен өңделген тазалау шүберегімен сүртпеңіз.

Сақтау жағдайлары



- Пайдалану, тасымалдау және сақтау кезінде өнімді жоғары температуралардың, жоғары ылғалдықтың немесе тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Өнімді терезелері жабық машинаның ішінде, әсіресе күн ыстық болғанда қалдырмаңыз.
- Өнімді шаңда, түтінде немесе найзағайда қалдырмаңыз.
- Өнімдерді бірегей қаптамасында, қышқылдар мен сілтілерден алыс қараңғы, құрғақ, таза, жақсы желдетілетін жерде сақтау керек.

Қосу және орнату


Камераны PS5™ консолінің артқы жағындағы USB Type-A портына қосыңыз, содан кейін камераны теледидардың үстіңгі немесе алдыңғы жағынан ортаға келтіріңіз.

Камераны теледидардың төбесіне қою

Түпқойманы камераның құлауын болдырмау үшін реттеңіз.




Камераны теледидардың алдына қою



Keңестер

- Егер камераны PS5 консолі танымаса, камера кабелін ажыратыңыз да, қайта қосыңыз. Егер камера бәрібір танылмаса, PS5 консолін өшіріңіз, содан кейін қайта қосыңыз.
- Егер камера объективтері ласталса, оларды жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Камераны айналдырып бұрыштың жөніне салыңыз.



Сипаттамалары

| | |
|------------------------|--|
| Ену тогының көрсеткіші | 5 В = 300 мА |
| Сыртқы габариттер | Шамамен 100 × 41 × 75 мм (ені × биіктігі × тереңдігі) |
| Салмағы | Шамамен 192 г |
| Бейне пиксельдері | 1920 × 1080 пиксель |
| Камера ауқымы | 40 см - ∞/83,2° |
| Кабель ұзындығы | Шамамен 2 м |
| Жұмыс температурасы | 5 °С ден 35 °С |
| Өндіруші ел | Қытай |

Құрылым және техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

КЕПІЛДІК

Осы өнімге сатып алу күнінен бастап 12 ай бойы өндіруші кепілдігінің шарттары қолданылады. Толық ақпарат алу үшін PS5 жинағымен бірге берілетін кепілдікті қараңыз.

Өнімді шығарған немесе оның атынан дайындаған:
Сони Интерэктив Энтертейнмент Инк, Мекен-жайы:
1-7-1 Конан, Минато-ку, Токио 108-0075, Жапония.

Кеден одағы жеріндегі шетелден әкелуші- «Сони Электроникс» ЖАҚ, Ресей, 123103, Мәскеу, Карамышевский өтпе көшесі, 6.

Қазақстан Республикасы жерінде тұтынушылардан кінәрат-талаптар қабылдайтын ұйым АО «Сони Электроникс» Представительство в Казахстане, 050059, Алматы, улица Иванилова, д. 58, 050059 Алматы қаласы, Иванилов көшесі, 58 үй.


Дайындалған күні бұйымның орамында немесе өнім заттаңбасындағы P/D белгісінің жанында келесі форматта көрсетілген: P/D: MM.YYYY, мұндағы MM- дайындалған айы, YYYY- жылы.

Қытайда жасалған.

Сатуды күшінде тұрған заң талаптарына сәйкес жүзеге асыру керек.

Қызмет мерзімі біткен бұйымды күшінде тұрған заң талаптарына сәйкес залалсыз кәдеге асыру керек.

"PS", "PlayStation" and "PS5" are registered trademarks or trademarks of Sony Interactive Entertainment Inc.

"SONY" and " Sony Interactive Entertainment" are registered trademarks or trademarks of Sony Corporation.



Sony
Interactive
Entertainment

EAC

[playstation.com](https://www.playstation.com)

© 2020 Sony Interactive Entertainment Europe Limited.
All rights reserved.